



НАРЫҚ



## Тегеурінсіз

## ТЕҢГЕ



Әділ МҰХАМЕДЖАНОВ,  
Ұлттық Банк монетарлық операциялар  
департаменті директорының орынбасары:

«Теңгенің айырбас бағамы бірқатар факторлар, солардың ішінде мұнай бағасы мен сауда жөнінен әріптес елдердің валюта бағамына сәйкес құбылып отырады. Бұл ретте теңгенің бағамына бюджет қаражатының

қозғалысы, салық төлеу кезеңдері және соңғы айлардағы долларсыздандыру сияқты ішкі факторлар да әсер етеді. Сондай-ақ ағымдағы жылдың шілдесінде мұнай бағасының төмендеуі байқалды. Оған АҚШ-тағы мұнайдың жеткілікті қоры туралы деректің жариялануы және ондағы бұрғылау ұңғымасының көбейгені себеп болды»

(Жалғасы 3-бетте)



БАРДЫ ҰҚСАТА  
АЛМАЙМЫЗ

2




ТҮРКИЯ  
ТӨТЕНШЕ КЕЗЕҢДЕ

5

ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ

Жылуға төлемесең,  
келіткінен  
айырыласың



(Жалғасы 2-бетте)

БІЗДІҢ СҰХБАТ

## МҰНАЙҒА иек артпау керек



Мұнай бағасы жуық арада көтерілмейтінін ескерсек, онда экономикалық стагнацияның созылатыны анық. Бұдан кейінгі кезеңде де мұнай және газ басқа да шикізат өндіретін салалардың біздің ел үшін орны ерекше болары сөзсіз. Бірақ олардың экономикаға локомотив болып қалары күмәнді. Демек, ел экономикасын дағдарыстан алып шығу үшін осы жағдайларды жан-жақты зерттеп, экономикаға серпіліс беретін басқа өсу жолдарын қарастыру қажет.

(Толығырақ 4-бетте)



САРЫАЛА САПТЫ  
ҚАМШЫ

8



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)  
44,11

DOLLAR  
354

EURO  
393

РУБЛЬ  
5,3

МӘСЕЛЕ

## Мүмкіндік бар, маман жоқ



(Толығырақ 4-бетте)

«ЖАС ҚАЗАҚТЫҢ» САЙТЫ  
jasqazaq.kz



@ on the web

www.jasqazaq.kz  
arda.com.kz

Үкімет

# Дизель бағасын нарық реттейді

Елімізде дизель отынының бағасы бұған дейін шекті мөлшерде ұсталып келген еді. Отын бағасы мемлекеттік деңгейде реттелді. Енді Үкімет дизель бағасын да еркін айналымға жібергелі жатыр. Бұдан былай бағаны мемлекет емес, нарықтың өзі белгілейді.



Энергетика министрінің орынбасары Әсет Мағауовтың айтуынша, бұған көптеген факторлар әсер еткен сынайлы. Ең бірінші, көршілес Ресей нарығындағы дизель бағасы мен еліміздегі баға арасында үлкен айырмашылық бар. Мәселен, Ресейде бір литр дизель отыны 185 теңге болса, бізде оның құны 99 теңгеден аспайды. Бұл өз кезегінде нарықтағы алыпсатарлықтың асқинуына жол ашып тұр. Қазіргі еліміздің Ресеймен шекаралас аймақтарынан көрші елге дизель отыны тонналап ағылып жатқан көрінеді. Ана жаққа апарып 175 теңгеден сатса да, алыпсатарлар қып-қызыл пайдаға кенеледі. Сондай-ақ көрші Қырғызстанға да көп мөлшерде дизель отыны кетіп жатқаны анықталған. Ол аз десеңіз, халықаралық автокөлік жолымен ағылып жатқан үлкен көліктер Қазақстан аумағында

дизель отындарын толықтырып отырады. Бір күнде бірнеше рет қатынап кететіндер де бар екен. Қысқасы, шетке кетіп жатқан жанармайда есеп жоқ.

Әсет Мағауов «Дизель отынының қоры бізде жеткілікті, қазір елімізде 200 мың тонна отын қоры бар. Бұл өткен жылғыдан біршама көп. Бірақ болашақта тапшылық қолдан жасалуы мүмкін. Соның алдын алу үшін дизель отынының бағасын мемлекеттік деңгейде реттеуді

тоқтату керек. Айналадағы елдермен баға теңескен кезде оны көрші елге тасымалдаушылар да азаяды», — деп түсіндірді.

Оның айтуынша, дизель отынының бағасы еркін айналымға жіберілсе, бір литрі 115 теңге болуы мүмкін. Қыс уақытында тұтыну көлемі азайғанда баға бұрынғы мөлшеріне келуі тиіс.

Меңдолла НҰРЫМҰЛЫ

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

7

млрд теңге. Білім саласында осыныша қаражат тиімсіз жұмсалған

3

млн теңге. Оңтүстік Қазақстан облысы мәслихатының депутаты пара берді деген күдікпен ұсталды

437

мың теңге. Ақмола облысында өз міндетін дұрыс атқармаған 44 ауыл әкіміне осыныша айыппұл салынған

ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ

## Жылуға төлемесең, көлігіңнен айырыласың

Ендігі кезде коммуналдық төлемдерін өтемей, қарызға белшесінен батқан тұрғындардың көлігі тәркіленеді.

Ақтөбеде жылу жүйесіне жауапты мекеме борышкерлермен күрес жүргізу үшін сот орындаушылармен бірге жол бойына шықты. Сот орындаушысы Ақылбек Сейітжановтың айтуына қарағанда, мұндай шара оң нәтижесін беруде. Мәселен, 60 мың теңге қарызы бар азамат бірден айыбын мойындап, қажетті ақшаны тауып әкелген.



Сөз-жебе

**Бердібек САПАРБАЕВ**, Ақтөбе облысының әкімі:

«Конституцияға сәйкес, отандастарымыз еліміздің түкпір-түкпіріне барып жұмыс істеуге құқығы бар. Ал өңірдегі кадрлық өзгерістерге келер болсақ, мен оларға тоғыз ай уақыт бердім. Жұмыс істей алмасаңдар, орындарыңды босатасыңдар дегем. Үш әкім, оның ішінде қала басшысы бар, орындарынан кетті. Кейбіреулер «баяғы жартас - сол жартас», әкімдерді алып тастау керек еді деп жазады. Қазір мемлекеттік қызмет туралы заңнамада әкім болу үшін А корпусында болу керек. Өкінішке қарай, жақсы жігіттер бар, бірақ А корпусында жоқ»



Қозы-Көрпеш

**ЖАҢБЫРШИН**, республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағасы:



«Академиялық берешегі бар 366 адам оқудан шығарылды. Олар ішкі тәртіпті бұзған. Студенттердің оқуына шамамен 1 млрд теңге жұмсалды. Біз олардан осы қаржының өтеуін талап етеміз. «Болашақ» бағдарламасының тәжірибесін енгізу керек. Азаматқа оқуға ақша бөлінді. Ол нашар оқығаны үшін оқудан шығарылды. Яғни ішкі тәртіпті бұзып отыр. Менің ойымша, ақшаны өтеудің қандай да бір механизмі болуы керек»



**Совхозбек ҚҰЛМАҒАНБЕТОВ**, республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі:

«Білім және ғылым министрлігінде, оған қарасты оқу орындарында мемлекеттік аудит жүргізілді. Аудит қорытындысы бойынша, 1 млрд 854 млн теңге қаражат сомасында заңбұзушылық анықталды. Оның сыртында 7 млрд теңгеден астам қаражат тиімсіз пайдаланылған. Мысалы, 2015 жылы министрлік 143 млн теңгені оқу орындарына аударған. Бірақ олар бұл қызметті атқарған жоқ»



Әлеумет.t<sup>0</sup>

## Барды ұқсата алмаймыз

Шілінгір шілдеде өр Алтайдың төрінде отырған аз казактын ауылын сел алып, жаңбыр шайып кетті. Бай өлкенің басына бұлт үйірілгенде мұндағы ағайын да қарап қалған жоқ. Арнайы есепшот ашып, әркім шамасына қарай тын-тебен аударып жатты. Әлеуметтік желіні шулатпай, көмегінің шынсыз көрсеткендер де болды.

Сондай жомарт жандардың бірімен, орташа дәулеті бар, біраз жылдардан бері аралас-құралас жүрген Рүстеммен қайсыбір күні кездесіп қалғам. Аз-кем әңгімеден кейін: «Өр Алтайдағы бауырларға барып қайттық. Кәсіпкер жігіттер ақша, азық-түлік жинаған едік. Соны жеткізіп келдім» — дейді. Кеудесін кермей, өзүремей айтып тұр. Сөз ләмінен алыстағы ағайынға көмектесуді өзіне міндет санап отырғаны анық байқалады.

— Не апардыңыздар? Елдің жайы қалай екен? — дедім мен де тек тұрмай.

— Үйсіз елдің хәлі қалай болушы еді. Бірақ жұрттың еңсесі биік. Соған шүкір. Қант қымбат болған соң, аз апарып едік. Сонымыз ұяттау болып қалды. Қант жетпей, әбігерге түстік, — деді Рүстем.

— Қант жетпегені қалай? Қымбат па сонша? — дедім түк түсінбегенімді жасырмай.

— Саудамен айналыспаған соң ешнәрсе білмейсің ғой. Қазір азық-түліктің ішінде қант удай қымбат. Жаз, күз айларында жылда осылай болады. Қыс қамын ойлаған ағайын қантты артығымен сатып алады. Өйткені, жеміс-жидек пісіп, тосап жасайтын қауырт шақ басталғанда, қант емге табылмай кетеді — деп мен-жайды бүге-шігесіне дейін түсіндіріп жатыр.

Сонда ғана есіме түсті. Өткен жылы «Қант иісін» газетіміздің бас тақырыбына жазған едік қой. Алматы облысының әкімі Амандық Баталов Талдықорғанның маңындағы қант зауытын қайтадан іске қосып, қызылша алқаптарының көлемін арттырып еді. Жер емген халыққа субсидия беріп, тәтті қызылшаның түбірін молайтуға

барынша күш салған-ды. Рүстемнің сөзіне қайтарған уәжім сол болды.

— Қант жоқ емес, бізде бар. Мәселе — барды ұқсата алмай жатқан жоқпыз ба. Мысалы, менің негізгі мамандығым — агроном. Қант қызылшасынан қанша түрлі өнім алуды жақсы білемін. Алайда біз қанттың өзін ғана аламыз. Оған диканның кінәсі жоқ.

— Сонда кім кінәлі? — Мемлекеттен ауыл шаруашылығына қатысты нақты бағдарлама керек. Қант қызылшасын егетін алқапты молайтып, Талдықорған төңірегінде ғана емес, басқа өңірлерге де тәтті түбірді салуымыз қажет. Сонан соң қант қызылшасынан шекер ғана емес, зауыттан шыққан қатты қалдықтарынан малдың жемін алғанымыз өзімізге пайдалы.

— «Тәтті түбірдің» түбірін» жақсы біледі екенсіз. Осы шаруаны өзіңіз қолға алмайсыз ба? — дедім бір жағы қалжың, бір жағы ішкі ойымды ақтарып.

— Соны өзім де ойланып жүрмін. Қанттың жаз-күз айларында емге табылмай кететінін бала күнімнен жақсы білемін ғой.

Рүстеммен болған әңгімеден кейін жол-жөнекей өзім де қалың ой құшағында қалдым. Шынында, осы біз неге барды ұқсата алмаймыз? Қызылша бар ма? Бар. Егіс алқабы ше? Саламын деген диканға жер табылады. Ал сонда біздің қант таппай сабылып жүргеніміз, қара базарда ұзын-сонар кезекте тұрғанымыз не? Әсіресе еліміздің солтүстік аймағындағы жағдай қиын.

Құмшекердің бір келісі 400 теңгеге сатылып жатыр. Ал көтерме сауда орындарына келушілер 2-3 сағаттап кезекте тұруда. Оның өзінде бір адамға тек 5 келі ғана сатылады. Барды ұқсата алмасақ, жағдай осылай жалғаса бермек.

Жарас КЕМЕЛЖАН



Қылмыс

## Жалған жалақы жарға жықты



Батыс Қазақстан облысында таныстарын «жұмысқа тұрғызып» жалақысын өзі алып келген оркестр директорына қатысты сот үкімі шықты.

Алаяқтың дүние мүлкі тәркіленіп, 7 жылға бас бостандығынан айырылды. Облыстық камералық оркестрінің бұрынғы директоры Гүлжан Әлиева қызметтік өкілеттігін теріс пайдаланғаны және бюджет қаражатын жымқырғаны үшін айыпты деп танылды. bnews.kz сайты хабарлағандай, Г. Әлиева құрбысы мен сүйіктісін қағаз жүзінде жұмысқа алған. Сөйтіп, алты жыл бойы қос «қызметкердің» жалақысын өз қалтасына басып келген. Облыстық прокуратураны мәліметіне сәйкес, тіпті олардың есепшотына іссапарға бөлінген ақша мен сыйақы да аударып отырған. Шығын көлемі 13 млн теңгені құрайды.

Аптаның айналы

## Сәнді нөмір сатамын деп...

Көліктің мемлекеттік нөмірін жалған құжатпен сатқан екі инспектор сотталды.

Ақтауда автокөлікті тіркеу бойынша Халыққа қызмет көрсету орталығының қызметкерлері алаяқтық әрекетін жүзеге асыру үшін жалған мөр, бланк, түбіртек дайындаған. Көлік жүргізушілеріне 333, 555, 444, 005 мемлекеттік нөмірлерді 150-400 мың теңге аралығында сатыпты. Ақшасын қассаға емес, қалтасына басқан. Сот шешіміне сәйкес екеуі де 3 жылға темір торға тоғытылды.



## Жедел сұхбат

(Басы 1-бетте)

**Жас қазақ:** Жексенбай Қартабайұлы, теңгенің бұл жолғы құнсыздануына қандай жағдай әсер етті?

**Жексенбай Дүйсебаев:** Оның бірнеше себебі бар. Біріншіден, Ұлттық Банк еркін өзгермелі айырбастау бағамы кестесіне көшті. Сол себептен айырбастау бағамы бірқатар факторларға байланысты өзгеріп отырады. Мәселен, 16 шілде мен 26 шілде аралығында мұнайдың бір баррелі 48,09 доллардан 44,78 долларға дейін төмендеді. «Қара алтын» бағасының күрт өзгеруіне байланысты теңгеміз қайта құнсыздана бастады. Сондай-ақ көрші Ресей сияқты сауда бойынша әріптес елдердің валюта

Соңғы үш-төрт ай бойы біршама тұрақтылық танытып келген теңге тағы құнсыздана бастады. Қазір Астанада теңгенің бір долларға шаққандағы құны 355-359 теңге шамасында. Бұдан екі күн бұрын айырбас бағамы 364 теңгеге дейін барып еді. Теңгенің бұдан арғы тағдыры не болады? Оның құнсыздануына қандай факторлар әсер етті? Мәжіліс депутаты, экономика ғылымының кандидаты Жексенбай Дүйсебаевпен осы тақырыпта жедел сұхбат құрған едік.



**Жексенбай ДҮЙСЕБАЕВ,** Парламент Мәжілісінің депутаты:

## Доллардың қымбаттауына мұнай емес, үрей себепші

бағамының өзгеруі де, өз әсерін тигізбей қалған жоқ.

**Жас қазақ:** Соңғы кезде рубльдің бағамы мұнай бағасының өзгеруіне қарамастан, біршама нығайған сияқты еді. Әлде бұл саяси жарнама болды ма?

**Жексенбай Дүйсебаев:** Дұрыс айтасыз, Ресейдегі қаржы саласының сарапшы мамандары соңғы уақытта рубль біршама нығайды, мұнай бағасына тәуелділіктен арылды деген сарында әңгіме айтып келіп еді. Бұл олардың болжамы ма, әлде халықтың сенімін арттыру үшін сондай саясат жүргізу қажет болды ма, ол жағын дәл айту қиын. Бірақ әлемдік мұнай бағасының соңғы өзгеруі рубльдің бағамына да әсерін тигізді. Шілде айының 20 күні рубльдің бір долларға шаққандағы құны 62 рубль шамасында еді. Дәл бүгін оның бағасы 65,95 рубль шамасына тұрақтады. Соған сай, теңге бағамы да өзгерді.

**Жас қазақ:** Жарайды, мұнай бағасының өзгеруімен туындаған факторларға қарсы дау айтып-ақ қояйық. Ал неге рубльдің бағамы біздің теңгенің құнсыздануына әсер етуі тиіс?

**Жексенбай Дүйсебаев:** Жаңа жоғарыда айтып өттім, Ресей – сауда бойынша

біздің ең үлкен әріптесіміз. Сондықтан, екі ел арасындағы сауда кезінде бәсекелестікті сақтау үшін теңге бағамының өзгеруіне мүмкіндік береміз. Әйтпесе, тауарды сату немесе сатып алу, қызмет көрсету кезінде ұғыламыз. Былтырғы алғашқы жарты жылдықтағы жағдайды есіңізге түсіріп көріңіз. Сол уақытта рубльдің долларға шаққандағы құны біршама төмен болатын. Ал теңге Ұлттық Банктің қолдауы арқасында соншалықты құнсызданған жоқ. Есесіне, Ресейдегі тауарлар теңгеге шаққанда біршама арзан болды. Осыны пайдаланғысы келгендер Ресейге арзан тауар алу үшін ағылды, соның салдарынан еліміздегі отандық өндірушілердің өнімі өтпей, біршама шығынға батқан еді. Сондай жағдай қайталанбас үшін біз көрші елдің валюта бағамын да есепке аламыз. Бірақ бәрінен бұрын ел ішіндегі психологиялық фактор қатты әсер етуде.

**Жас қазақ:** Мұны қалай түсінуге болады? Психологиялық фактор деп қазіргі халықтың санасындағы қорқынышты меңзеп отырсыз ба?

**Жексенбай Дүйсебаев:** Тура солай. Көшеге шығып байқап көрсеңіз, қазір халықтың бәрі жаппай доллар сатып алуға көшті. Банкте теңгемден салынған депозитін шұғыл долларға айырбастап жатқандар да жоқ емес. Өйткені, олардың санасында

«доллар тағы қымбаттайды» деген үрей бар. Сол үрейдің әсерімен жаппай доллар сатып алып, ішкі нарықта доллардың жетіспеушілігін туғызады. Бұл психологиялық фактор да доллардың қымбаттауына өз әсерін тигізіп жатыр. Менінше, мұнайдың бағасынан бұрын, халықтың санасындағы қорқыныш валюта бағамына қатты әсер етіп тұр. Біз бір жағынан доллар бағасының көтерілуіне өзіміз осылай ықпал етіп жатқан сияқтымыз. Сондықтан, қандай жағдайда да ен алдымен қорқыныштан арылуымыз керек.

Мендолла ШАМУРАТОВ

## Пікір алаңы



Алматыда осы аптада көпшіліктің көкейінде жүрген мәселелер талқыланды. Елімізде азаматтық қоғам қалыптасты ма? Қоғамдық ұйымдардың әлеуметтік желідегі рөлі қандай? Атышулы оқиғаларға қоғамдық ұйымдардың көзқарасы қандай дәрежеде? Осы және өзге де сауалдың жауабын жиынға қатысқан мамандар іздеп көрді. Бұл шараның өтуіне «Коммуникативті бастамалар мен стратегиялар» қоры мен «Жас қазақ» ұлттық апталығы ұйты болды. Бас серіктес – Samruk-Kazyna Trust әлеуметтік жобаларды дамыту қоры. Шара барысында айтылған кейбір пікірлермен бөлісуді жөн санадық.

**Айдос САРЫМ,**  
саясаттанушы:

«Әлеуметтік желіге шектен тыс құмарту мәселені шешпейді. Толғандыратын мәселе шықса, халық оған лайк басады, бөліседі, пікір жазады. Осымен іс бітеді. Мәселе осылай ұмытылады, шешілмей қалуы да мүмкін. Қоғамдық мәселені шешуге ықпал ету үшін онлайн емес, офлайн тетіктер де керек»



**Қанат ӘУЕСБАЙ,**  
журналист, публицист:

«Таяуда ғана газ баллонын жарамын деп, баспана мәселесін алға тартқан астаналық отағасының жанайқайы қауіпті тенденцияға айналуы мүмкін. Бір жағынан, ресми құрылымдарды жағалай-жағалай, амал жоқтан осы әрекетке барған сияқты»



**Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА,**  
«МедиаСфера» гуманитарлық зерттеулер орталығының директоры:

«Әлеуметтік желілерде азаматтық ұстанымнан гөрі, эмоцияға жол беріліп жатады. Бізде біреулердің кемшілігін айту белең алып кетті. Азаматтық қоғамда эмоциядан бұрын азаматтық ұстаным тұру керек»



**Данияр ӘШІМБАЕВ,**  
саясаткер:



«Бұқаралық ақпарат құралдары санаулы адамның пікірін көпшілікке теліп қояды. «Қазақстандықтар наразы», «тұрғындар анаумен келіспейді, мынаған көңілдері толмайды» деген сарындағы тақырыптар қаптап кетті. Әлеуметтік желіге бір адам жазба қалдырды. Үш адам бірдеңе жазады. Соны алып, қазақстандық қоғам солай айтыпты деуден жалықпаймыз. БАҚ автоматты түрде фейсбук желісінің таратушысына айналып болды. Қоғамда пікірлер көшбасшысы деген жоқ»

**Шавкат САБИРОВ,**  
Қазақстан интернет қауымдастығының президенті:

«Ғаламтор бетінде қазақтілді пайдаланушылар саны жыл санап көбейе түсуде. Осыдан 4-5 жыл бұрын қазақтілді аудиторияны көбейтуіміз керек деп мәселе көтеретінбіз. Бүгінде олардың саны миллиондап саналады»



## ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әсет МАҒАУОВ,  
энергетика вице-министрі:



«Болжам бойынша, биыл жаңа ұңғымаларды бұрғылау көлемі 50 пайызға төмендемек. Ағымдағы жылы 75,5 млн тонна мұнай өндіреміз. Көріп отырғанымыздай, мұнай өндіру саласы тұралап барады. Себебі мұнай өндірушілер жақсы бағамен өнім сата алмауда. Сондықтан жаңа көлем түгілі ағымдағы деңгейге тапсырыс бере алмайды»

## Түйткіл

## Атырауда карантин



Атырау облысының Құрманғазы, Исатай аудандарында малдың жаппай қырылуына байланысты карантин жарияланып отыр.

Қолда бар деректерге сүйенсек, қазіргі таңда 2 мыңнан астам жануар африкалық вирус жұқтырған. Карантин жарияланған аумақта мал мен құс тасымалына да тыйым салынды. Әзірге қырылған малдың саны – 51. Антибиотиктердің көмегімен 300-ден астам мал құтқарылды. Мұндай жайт елімізде алғаш тіркеліп отыр. Болжамға қарағанда, вирус біздің елге Ресейден келуі мүмкін. Өйткені, осыған дейін африкалық вирус Шешенстан, Дағыстан және Ставропольде тіркелген.

## Оқшау ой

**Асқар АҚТІЛЕУ,**  
журналист

Ақтөбеде белсенді ұйым жоқтың қасы. Олар әлеуметтік мәселелерді көтергеннен гөрі, үгіт-насихат жұмысымен көбірек айналысады. Бізде діни бірлестіктер өте енжар. Оларға қарағанда ұялы телефон саудасымен айналысатын «сақалдылар» ерекше белсенді. ДАИШ-тың интернетті жиі қолданатын жауынгерлері бір сәтте жүздеген видеоны жүктегенде, діни қоғамдық ұйымдардың жұмысы теңіз тамшысындай көзге көрінбей қалады. Менің ойымша, біз азаматтық қоғамды қолдан өлтіріп алдық.



## Біздің сұхбат

**Жас қазақ:** Жақсыбек Әбдірахметұлы, алғашқы сауалды мұнай бағасынан бастасак. Соңғы уақыттары кара алтын бағасы аз да болса өсті. Мұнай бағасының өсуі бюджетке жалпы экономикаға әсер ете ме? Сарапшы ретінде өз бағанызды берсеңіз?

**Жақсыбек Құлекеев:** Мұнай бағасының қазіргі деңгейден көтерілуіне әзірше үлкен себеп жоқ. Өйткені, барлық мұнай өндіретін елдер өндіріс көлемін арттыруға тырысуда. Сондықтан бұл тауар кез келген басқа шикізат секілді сатылып, оның бағасы нарықтық күштің ықпалымен қалыптасады. Биылғы жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша дүние жүзіндегі мұнай ұсынысы сұранысқа қарағанда орта есеппен тәулігіне 1,5 млн баррельге артық болса, ал қазір бұл көрсеткіш 1 млн баррельге дейін төмендеді. Демек, нарықта бұл шикізатқа деген сұраныс әлі де ұсынысқа қарағанда төмен. Сол себепті мұнай бағасының өсуіне еш фундаментальды негіз жоқ.

Болжам бойынша бұл заттың орташа бағасы биылғы жылы 50 доллар шамасынан аспайды. Ал келесі жылдың ортасына таман 60 долларға дейін өсуі мүмкін. Мұнай бағасының өсуіне АҚШ-тағы мұнай өндірісінің төмендеуі өз әсерін тигізуде. Бірақ мұнай бағасы барреліне 55 доллардан асса, онда тез арада АҚШ-та өндірісті қайта дамытуға толық мүмкіндік туады. Әсіресе соңғы кезде сәл азайған тақта тастан (сланец) алатын мұнай көлемі тез арада қайта дамуы сөзсіз. Бұл мемлекетте соңғы 4 жылда жана технологияларды кенінен пайдаланудың арқасында тақта тастан алатын мұнай көлемі

**Еліміз үшін мұнай стратегиялық маңызын жоғалтады. Сол себептен экономикаға серпіліс беретін басқа жол қарастыру керек. Белгілі экономист Жақсыбек Құлекеев газетімізге сұхбат бергенде осылай деді. Сондай-ақ ол мемлекеттік қаражаттың тиімсіз жұмсалатынын көтеріп, инвесторлардың елімізге не үшін тартылмай жатқанын айтты.**



шығыны тиімділігінің төмен болуында. Бюджетті жоспарлау, бағдарламаны қаржыландыру, шығындардың тиімді пайдалануын бақылау процесінде үлкен кемшілік орын алуда. Бұған Парламенттің дәрменсіздігі де өз үлесін қосуда. Себебі бұл мемлекеттік орган бюджет саясатына белсенді араласа алмайды.

**Жас қазақ:** Сол себептен бюджеттің тиімді игерілуін қалағалау Парламентке берілу керек деп отырсыз ба? Одан қандай нәтижеге қол жеткіземіз?

**Жақсыбек Құлекеев:** Дамыған мемлекеттерде Парламенттің атқаратын үлкен жұмысының бірі – бюджет саясатына тікелей араласып, халық қаражатының тиімді пайдалануын қамтамасыз

Жақсыбек ҚҰЛЕКЕЕВ:

# Мұнайға иек артпау керек



ету. Оған қажет құзырлы биліктің бәрі Парламентке берілген. Мысалы, бюджеттің дұрыс жоспарлануын қамтамасыз ететін Парламенттің арнайы «Бюджет комиссиясы» болады. (Бізде бұндай комитет Үкіметте). Ол жыл бойы жұмысын тоқтатпай және ведомства басшыларын ұдайы шақырып, бірлесіп отырып, бюджет шығынын тиімді жоспарлауға тырысады. Содан соң, Парламентке тәуелді арнайы құзырлы орган «Есеп палатасы» (бізде «Есеп комитеті») халық қаражатының

5 есе өсіп, тәулігіне 4 млн баррельден асты. Соның арқасында АҚШ дүние жүзіндегі алдыңғы қатарлы мұнай өндіруші мемлекетке айналып, жылына 500 млн тоннаға жуық мұнай өндіретін дәрежеге жетті. Қазір АҚШ мұнай және газ өнімдерін стратегиялық ресурс қатарынан шығарып, экспортқа жібере бастады.

**Жас қазақ:** «Аспандау» қоры ұйымдастырған жиында да «мұнай алдағы уақытта стратегиялық ресурс ретінде маңызды жоғалтуы мүмкін», – деп айттыңыз. Қандай негізге сүйеніп отырсыз?

**Жақсыбек Құлекеев:** Ел экономикасы үшін мұнай және газ саласының орны бөлек. Себебі осы өндіріс өнімдері мұнай бағасы жақсы болған жылдары еліміздің экспорттан алатын қаражатының 60 % жуығын, ал бюджеттің кірісінің 40 % жуығын қамтамасыз ететін. Бірақ мұнай бағасы құлдырауына байланысты және экономиканың бір өндіріске тәуелді болуы салдарынан қалыптасқан жағдай валюта мен бюджет тапшылығына соқтырып, экономиканы дағдарысқа ұрындырып отыр. Мұнай бағасы жуық арада көтерілмейтінін ескерсек, онда экономикалық стагнацияның созылатыны анық. Бұдан кейінгі кезеңде де мұнай және газ басқа да шикізат өндіретін салалардың біздің ел үшін орны ерекше болары сөзсіз. Бірақ олардың экономикаға локомотив болып қалары күмәнді. Демек, ел экономикасын дағдарыстан алып шығу үшін осы жағдайларды жан-жақты зерттеп, экономикаға серпіліс беретін басқа өсу жолдарын қарастыру қажет.

**Жас қазақ:** Жиын барысында бюджет жоспарлағанда түпкі нәтиже тасадан тыс қалып қоятыны туралы мәселе көтерілді. Сонда қалай? Бөлінген қаражат игеріледі. Бірақ нәтиже жоқ па? Түрлі бағдарламалар қабылданып, аяқсыз қалатынын білеміз. Жана басшы келген сайын, жана бағдарлама қабылданады.

**Жақсыбек Құлекеев:** Өкінішке қарай, бюджет саясатында әлі де үлкен кемшіліктер орын алуда. Оның ең негізгісінің бірі – бюджет

тиімді пайдалануын үзбей бақылап, уақытылы Парламентке ақпарат беріп отырады. Егер тексеру барысында ведомства басшылары тарапынан жіберген кемшілік анықталса, онда олардың қызметтен алынуын қамтамасыз етеді. Өкінішке қарай, бізде бюджет қаражатын тиімді игеру мәселесі қаражатты толық және уақтылы игеру түсінігіне айналды. Толық игерген қаражат нәтижесіз болуы мүмкін. Бірақ ол екінші немесе үшінші кезекте тұрған мәселе. Соның салдарынан халық қаражаты орынсыз әрі тиімсіз жаратылып, талан-таража түсіп жатады. Осы аталған басқа да аталмаған кемшіліктер бюджет саясатын дамытуға себеп болуы тиіс деп ойлаймын.

**Жас қазақ:** Соңғы уақыттары сырттан келетін инвесторға барлық жағдай жасалды. Соның өзінде ауыз толтырып айтарлық нәтиже жоқ. Неге осындай мүмкіндікті отандық инвесторларға да жасамасқа?

**Жақсыбек Құлекеев:** Елге инвесторлар тарту мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесінің бірі. Отандық немесе шетелдік инвесторды біздің экономикаға кең көлемде тартылуы, олардың ертеңгі күнге деген сеніміне байланысты. Егер кез келген азамат бүгін қаражатын салып, бизнесін дамытып, ертең оның жемісін көретініне сенімді болса, онда оларды ешкім тоқтата алмайды. Керісінше, іскер азамат тәуекелге барып, қаражатын бизнеске салып, жетістікке жеткен кезде оның бизнесін тартып алатын болса, онда мұндай елде бизнес те дамымайды. Инвесторларды күтудің де қажеті шамалы. Сондықтан, бүгінгі күні елімізге инвестор тарту мәселесі ол күрделі институционалдық реформалар жүргізуге тәуелді. Бұл айтылып та, жазылып та жүрген мәселе. Өкінішке қарай, әзірше, бұл төңіректе ауыз толтырып айтар жетістіктер шамалы.

Сұхбаттасқан  
Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ

## Мәселе

**Әлемдегі экологиялық ахуал күн өткен сайын нашарлап барады. Сол себептен көптеген елдер жаңартылған энергия көздеріне көбірек инвестиция жұмсауға көшкен. Жасыл энергетиканы дамытуға еліміз де айрықша көңіл бөлуде. Өйткені, жалпы әлемдік технологиялық дамудан біз де тысқары қалмауға тиіспіз. Сарапшылардың есебіне қарағанда, баламалы қуат көздерін біртіндеп арзандату – түптің түбінде ел экономикасын көтеруге үлкен септігін тигізеді.**

# МҮМКІНДІК БАР,



# маман жоқ

Бұдан үш жыл бұрын Елбасы Жарлығымен елімізде жасыл экономика тұжырымдамасы қабылданған болатын. Сол кезде Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстанда жасыл энергетика мәселесімен айналысатын арнайы институт құрылуы керек. Уақыт ағымына ілесіп, аяғымыздан нық тұрғымыз келсе, «Самұрық-Қазына», арнайы министрлік бар, «ҚазМұнайГаз» АҚ және «Атамекен» ҰКП-сы бірігіп, арнайы институт жасақтап, онда мамандарды бір-бірілеп болса да жинай бергені дұрыс. Қазіргі уақытта елімізде осы айтарлықтай жана энергетика туралы ойлай алатын 5 пайыздай адам бар. Түсінесіздер ме, мен жасыл экономика туралы айтып отырмын, мұнымен мықтап айналысу керек. Қазақстанда жана энергетика туралы ойлай алатын адамдарды бір жерге жинайық, өлгіңдей институтқа. Қажет болса шетелдерден де шақыртайық, оларға жұмыс жасауға мүмкіндік берейік» – деген еді үкіметтің кенейтілген отырысында. Өкінішке қарай, сонда Елбасын ұққан бір адам болмапты. Ұқпағандарының дәлелі мынау – содан бері үш жылдан астам уақыт өтті, арнайы институт әлі құрылған жоқ, оған ешбір маман жинастырылмады. Әлемдегі басқа елдер болса, бұған жанын салып кірісіп жатыр. Елбасы осыны біліп ескертті, елдің соңында қалмайық деді. Бірақ энергетиканың мүлдем жана көздері жайлы әңгіме көбінің санасына сол бойда сіңе қоймады. Арада сырғып үш жылдан асатын уақыт та өтіп кетті. Бұл аралықта Елбасымыздың бастамашылдығы, беделінің арқасында Астана әлемдік айтулы байқауда «ЭКСПО – 2017» көрмесін өткізу құқығын жеңіп алды. «Мұхаммед тауға бармаса, тау Мұхаммедке өзі келеді» деген бар емес пе, тура соның кебі келіп тұр. Жоғарыда аталған құрылымдар жасыл энергетикаға жедел қадам баспай, маман да іздестірмей, жайбарақат жүріп алып еді. Енді сол мамандар, дәлірек айтқанда, әлемдегі жасыл энергетиканың бірегей мамандары ертең-ақ «ЭКСПО – 2017» көрмесінде Астанада бас қоспақшы. Елге өз аяғымен келген мамандармен емен-жарқын уақтылы игеру түсінігіне айналды. Толық игерген қаражат нәтижесіз болуы мүмкін. Бірақ ол екінші немесе үшінші кезекте тұрған мәселе. Соның салдарынан халық қаражаты орынсыз әрі тиімсіз жаратылып, талан-таража түсіп жатады. Осы аталған басқа да аталмаған кемшіліктер бюджет саясатын дамытуға себеп болуы тиіс деп ойлаймын.

**Жас қазақ:** Соңғы уақыттары сырттан келетін инвесторға барлық жағдай жасалды. Соның өзінде ауыз толтырып айтарлық нәтиже жоқ. Неге осындай мүмкіндікті отандық инвесторларға да жасамасқа?

**Жақсыбек Құлекеев:** Елге инвесторлар тарту мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесінің бірі. Отандық немесе шетелдік инвесторды біздің экономикаға кең көлемде тартылуы, олардың ертеңгі күнге деген сеніміне байланысты. Егер кез келген азамат бүгін қаражатын салып, бизнесін дамытып, ертең оның жемісін көретініне сенімді болса, онда оларды ешкім тоқтата алмайды. Керісінше, іскер азамат тәуекелге барып, қаражатын бизнеске салып, жетістікке жеткен кезде оның бизнесін тартып алатын болса, онда мұндай елде бизнес те дамымайды. Инвесторларды күтудің де қажеті шамалы. Сондықтан, бүгінгі күні елімізге инвестор тарту мәселесі ол күрделі институционалдық реформалар жүргізуге тәуелді. Бұл айтылып та, жазылып та жүрген мәселе. Өкінішке қарай, әзірше, бұл төңіректе ауыз толтырып айтар жетістіктер шамалы.

көздерінің ең үздік жасакталған дүниелері болады. Соның ішінде, өзіміздің отандық өнімдер де әлемдегі бірегей сарапшылар қауымдастығының назарына ұсынылады. Ал Еуразия ұлттық университеті үшін бұл ғалымдар мен мамандардың ауқымды әнгімелесу аяны болады. Осы аянда біз әлемдегі жетекші университеттердің ғылыми тобымен жүздесіп, ынтымақтастық орнатуға тырысамыз. Бұл бізге ғылым мен іс жүзіндегі зерттеулерде жана жетістіктерге жетуімізге мүмкіндік береді. Соның арқасында Қазақстанда жасыл технология саласында жана ғылыми трендтер, жобалар, жана мамандық иелері шыға бастайды. Қазір біздің университетімізде мұның алғышарттары бар деп айта аламыз. «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқару және инженеринг» кафедрасында Қазақстан экологиясының зерттеу және бағалау, «жасыл» құрылыстың экологиялық мәселелерін зерттеу, жылумен жабдықтаудың жылу-сорғы жүйесінің энергиясын үнемдеуді қолдану бағытында ауқымды жұмыстар атқарылады. Яғни біздің студенттер жасыл энергетиканың алғышарттарымен жете танысып, мамандану үстінде», – дейді.

Қазіргі уақытта елімізде жасыл энергетиканың, яғни айтқанда күн, жел сияқты қуат көздерін пайдалану мөлшері 1,33 пайызды ғана құрайды екен. Бұл әзірге өте аз көрсеткіш. Сондықтан жоғары оқу орындары да жаңартылған энергия көздері бойынша жұмыс жасайтын мамандар дайындау ісіне терендеп кірісе қоймаған.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ аграрлық техникалық университетінің оқытушысы Ерболат Ақжігітов «Жаңартылған энергия көздерін болашақта ауыл шаруашылығында кеңінен пайдалануға болады деп есептеймін. Өйткені, ауылдық жерлерде күннің де, желдің де энергиясын пайдалануға мүмкіндік мол. Қалалық жерлерде қалай дегенмен, бұған сәл қиындықтар болады. Екіншілен, ауыл шаруашылығы осындай арзан энергия көздерін кеңінен пайдаланса, өндірісті де дамытуға мүмкіндік алады. Еліміздегі басқа оқу орындары сияқты С.Сейфуллин атындағы Қазақ аграрлық техникалық университеті де, бұл салаға арнайы кафедра ашпағанымен, оны қосымша басқа кафедраларда оқытады. Біздің жастарымыз жана замандағы энергия көздерін білуі, онымен жұмыс істей алуы тиіс. Бұл салаға көбірек ақша бөлініп, тиісті деңгейде дамып жатса, қажетті мамандарды сұранысқа сай мөлшерде дайындап шығаруға болады. Келесі жылы Астанада «ЭКСПО – 2017» көрмесі өтеді ғой. Бұл көрменің басты тақырыбы – баламалы жаңартылған энергия көздерін жаңғырту болуы – біз үшін жақсы мүмкіндік. Шетелдерден осы саланың білікті ғалымдары мен мамандары келеді. Олармен жақын танысып, пікір алмасуға мүмкіндік аламыз. Университетімізге шақырып, қысқа мерзімді курстар өткізу жайында да келісім жасасуға болады. Қалай болғанда да, Астанадағы жоғары оқу орындары бұл мүмкіндікті кеңінен пайдаланары анық», – дейді.

Энергетика министрінің мәліметіне қарағанда, еліміздің гидроэнергетика саласындағы әлеуеті өте зор. Қуаты 170 млрд кВтсағатқа жететін жел энергетикасынан жылына 1 трлн кВт сағ. энергия көзін алуға болады екен. Осы үлкен қуат көзін дер кезінде игерсек, «Қазақстан – 2050» стратегиясындағы ең маңызды міндеттердің бірін орындауға мүмкіндік туар еді. Сарапшылар бір ауыздан Қазақстанның бұл салада әлемде жетекші орынға ие болуына барлық алғышарттар бар екенін алға тартады. Бұл – елімізді жана бір үлкен белестер күтіп тұр деген сөз.

Меңдолла ШАМУРАТОВ

**Сарап**

(Жалғасы. Басы өткен санда)

3. Ақша араласқан жерде  
Кез келген бүліктің ақшаға арқа сүйейтіні мәлім. Тәптіштеп, түгін қалдырмай жазатын түрік басылымдарында мәлімет көп. Соның бірінде тұтқындалғандардың қалтасынан 1 долларлық банкнот табылғаны, американ ақшасының «дуаланған болуы мүмкін» деген долбар айтылды. Ал «Иени шафак» интернет басылымы биылғы наурыз айынан бастап елге 2 млрд доллар әкелініп, Қарулы Күштердегі арасында таратылғанын жазды. Басылым өзінің аты аталмаған дереккөзіне сүйене отырып, американдықтардың көмегімен ірі көлемдегі қаржыны Нигериядағы бір банк арқылы жеткізілгенін көлденең тартты. Тұтқынға алынған генерал Мехмет Дишлиге тиесілі делінген ақша толы сөмкенің Бас штабта табылуы осы деректі растай түскендей. Американ әскерілерінің Түркиядағы билікті төңкеру әрекетіне қатысы бар ма? Түрік тарапы бұл сауалға әзірге нақты дәлел-дәйексіз жауап бере қойған жоқ. Тек хабар-ошар құралдары АҚШ пен оның одақтастарының

**Түркияда 15 шілдедегі оқиғаның жаңғырығы әлі басылған жоқ. Бүліктен кейін 16 мыңға жуық адам қамауға алынды. Бұлардың 10 мыңы – әскерилер. Бұл жетіде Ауғанстандағы түрік әскери қосынында қызмет атқарып жүрген қос генерал Жаһит Бакыр мен Шенер Топуч Дубай әуежайында әскери төңкеріс әрекетіне қатысы бар деген күдікпен ұсталды.**



Кей жылдары қазынаға 20 млрд доллар беретін осы сала мен жеміс-жидек және көкөніс экспортының биылғы жағдайы мез емес. Ресеймен арадағы тоннын жібуі өзара қарым-қатынасты тежейтін бірқатар кедергіні алып тастауға септігін тигізгі анық. Осы арада тақырыптан сәл ауытқып, Түркия экономикасының дағдарыстан онша зардап шекпегенін айтқан жөн. Бүлік басылған соң Орталық банк пайыздық мөлшерлемені 9-дан 8,5 жарымға азайтты. Бір қызығы, ілешала standard&poor's агенттігі Түркияның

рейтингін бір саты түсірді. Ердуан осыған орай жасаған мәлімдемесінде мұндай шешімнің қисына келмейтінін атап өтті. Үкімет берген уәдесін орындап, халықтың күнкөрісін жақсартып, жана жұмыс орындарын ашу, дикандарға қомақты көмек, Азия мен Еуропаны бөліп тұрған бұзағға көпір, су асты жолын (туннель) салу сияқты ірі жобаларды іске асырды. Осы кезге дейін Ыстамбұлдан Измирге 9 сағатта баратын жолаушы енді 3,5 сағатта межелі жерге жетеді. Сарапшылар әскери төңкеріс әрекеті кезінде ел тұрғындарының билікті қолдауының бір себебі осы әлеуметтік-экономикалық ахуалдың оң болуын айтады. Дейтұрағымен, жаһандану заманында кез келген мемлекеттің әлеуеті ғаламдық экономикамен тығыз қарым-қатынасқа кеп тіреледі. Түрік үкіметі 1 тамыздан бастап, «Жол картасы» шеңберінде жер-жерде ел экономикасының мүмкіндігі мен инвестициялық тартымдылығын көрсетуді қолға алмақшы.

Ресеймен арадағы қарым-қатынасқа келсек, бүгінде Батыспен қырғикабақ Кремль Түркиямен жақындасуға, тіпті одақтас болудан да кет әрі емес. Анадолиядағы аласапыран кезінде атышулы Александр Дугин түрік елінде еді. Ақпарат құралдары оны «Путиннің арнайы өкілі» деп таныстырды. Ол билеуші әділет және даму партиясының өкілдерімен кездесіп, баспасөз мәслихатын өткізді. Өз елінің атынан бірқатар мәлімдеме жасады. Дугин алыстан орағытып жатпады: «Ресей мен Түркияның бірлесіп, Америкаға қарсы тұруы тиіс. Сирияның тұтастығы – Мәскеу мен Анкара үшін аса маңызды. АҚШ Сирияның солтүстігінде күрд мемлекетін құруға күш салып жатыр. Осы өңірдегі қарулы топтарға қарсы бірігіп күресу

керек». Оның пікірінше, түріктер Ататүрік ұстанған саясатқа оралуы тиіс. Ол өткен ғасырдың 20-шы жылдары Батыс елдері Түркияға экономикалық эмбарго жариялаған тұста кеңестік Ресейдің қаржылай көмек көрсеткенін еске салды. Қаншалықты өкілеттігі барын кім білсін, әйтеуір, орыс туристерінің Түркияға баратынын да айтып тастады.

Батыстың санкциясы экономикасын әлсіретіп, ғаламдық қауымдастықтан оқшаулана бастаған Мәскеуге Анкарамен достасу саяси және экономикалық тұрғыдан тиімді. Күні кеше Мәскеуге барып қайтқан Түркияның экономика министрі Нихат Зейбекчи тараптардың бұрынғы қарым-қатынасты қалпына келтіруге күш салып жатқанын хабарлады. Жана ынтымақтастық аясында Ресей табиғи газын Кара теңіз табыны арқылы Анадолия атырабына жеткізуді көздейтін «Түрік ағыны» жобасын жандандыру қажеттігі жөнінде сөз қозғала бастады. Біз бұдан бұрын Түркиямен татуласқан Израильдің Жерорта теңізіндегі Левиафан кенішіндегі қисапсыз «көгілдір отынды» Түркияға, одан әрі Еуропаға жеткізгісі келетінін жазғанбыз.

Азия мен Еуропаны бір-біріне жалғап, геосаяси тұрғыдан аса маңызды аймақта орналасқан Түркия сыртқы саясатта тек Ресеймен ғана емес, басқалармен достасуы тиіс. Өйткені соңғы жылдары Сирия, Ирак және Мысырмен байланыс нашарлап кетті. Мысыр Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесінде Түркиядағы қарулы бүлікті айыптайтын қарар үшін дауыс бермей қойды. Үкімет басшысы Бинәли Йылдырым бұдан біраз бұрын осы үш елдің атын атап, көршілермен тату, сыйлас болу қажеттігін айтып еді. Сондай-ақ Қырғызстан сыртқы істер министрлігі ресми Анкараның Ф.Гүленге қатысы бар делінетін оқу орындарын жабу жөніндегі талабын «тәуелсіз мемлекеттің ішкі ісіне араласу» деп бағалады.



# ТҮРКИЯ

## төтеніше кезеңде

Ауғанстандағы ISAF (Халықаралық қолдау күші) бұрынғы қолбасшысы генерал Джон Кемпбелл мен Орталық барлау басқармасының Түркия бойынша маманы профессор Генри Беркидің жақында Анадолияға келіп-кетуін «кездейсоқ емес» деп бағалауда. Соңғысы Ыстамбұлда туып-өскен. Түрікше таза сөйлейтін ғалым Орталық барлау басқармасының бұрынғы басшысы Грехем Фуллермен бірге Түркияның күрд мәселесіне қатысты ұстанымы жөнінде зерттеу кітабын жазған.

Осы тақылеттес деректің көптеп жариялануы американдықтарға деген қоғамдық пікірдің өзгеруіне әкеп соғуы да ғажап емес. Түрік үкіметі діни қайраткер Фетхулла Гүленді қайтарылмаса, АҚШ-пен қарым-қатынас өзгеріске ұшырауы мүмкін екенін бірнеше рет мәлімдеді. Бұған қоса, қазірдің өзінде баспасөзде, әлеуметтік желіде інжірліктегі әскери базаны жабу немесе



оны басқаруды түгелдей түрік әскерілеріне беру керек деген ұсыныс айтыла бастады. АҚШ-тың ұзақ жылдардан бері стратегиялық одақтас, әрі Түркияның сонау 1952 жылдан бері НАТО мүшесі екенін ескерсек, Батыспен ат құйрығын шорт үзісу қиын-ақ. Тіпті мүмкін емес те. Өйткені саяси, әскери және экономикалық байланыстардың тамыры тым тереңде. Америка мен Еуропа да Таяу Шығыста ұзақ жыл бойы серіктесінен айырылғысы келмейді.

**4. Бетбұрыс кезеңі**

Түркия мен Батыс арасындағы қарым-қатынасқа сызат түсуі Ресейге тиімді болып тұр. Кремль тамыздың тоғызы күні Ердуан мен Путиннің Санкт-Петербургте кездесетінін жария етті. Екі жақ та осы жүздесуге үлкен үміт артып отыр. Түріктер биыл орыс туристері келмей тоқырап қалған туризмді жандандырғысы келеді.



рейдінгін бір саты түсірді. Ердуан осыған орай жасаған мәлімдемесінде мұндай шешімнің қисына келмейтінін атап өтті. Үкімет берген уәдесін орындап, халықтың күнкөрісін жақсартып, жана жұмыс орындарын ашу, дикандарға қомақты көмек, Азия мен Еуропаны бөліп тұрған бұзағға көпір, су асты жолын (туннель) салу сияқты ірі жобаларды іске асырды. Осы кезге дейін Ыстамбұлдан Измирге 9 сағатта баратын жолаушы енді 3,5 сағатта межелі жерге жетеді. Сарапшылар әскери төңкеріс әрекеті кезінде ел тұрғындарының билікті қолдауының бір себебі осы әлеуметтік-экономикалық ахуалдың оң болуын айтады. Дейтұрағымен, жаһандану заманында кез келген мемлекеттің әлеуеті ғаламдық экономикамен тығыз қарым-қатынасқа кеп тіреледі. Түрік үкіметі 1 тамыздан бастап, «Жол картасы» шеңберінде жер-жерде ел экономикасының мүмкіндігі мен инвестициялық тартымдылығын көрсетуді қолға алмақшы.

Ресеймен арадағы қарым-қатынасқа келсек, бүгінде Батыспен қырғикабақ Кремль Түркиямен жақындасуға, тіпті одақтас болудан да кет әрі емес. Анадолиядағы аласапыран кезінде атышулы Александр Дугин түрік елінде еді. Ақпарат құралдары оны «Путиннің арнайы өкілі» деп таныстырды. Ол билеуші әділет және даму партиясының өкілдерімен кездесіп, баспасөз мәслихатын өткізді. Өз елінің атынан бірқатар мәлімдеме жасады. Дугин алыстан орағытып жатпады: «Ресей мен Түркияның бірлесіп, Америкаға қарсы тұруы тиіс. Сирияның тұтастығы – Мәскеу мен Анкара үшін аса маңызды. АҚШ Сирияның солтүстігінде күрд мемлекетін құруға күш салып жатыр. Осы өңірдегі қарулы топтарға қарсы бірігіп күресу



өкілдерімен кездесіп, баспасөз мәслихатын өткізді. Өз елінің атынан бірқатар мәлімдеме жасады. Дугин алыстан орағытып жатпады: «Ресей мен Түркияның бірлесіп, Америкаға қарсы тұруы тиіс. Сирияның тұтастығы – Мәскеу мен Анкара үшін аса маңызды. АҚШ Сирияның солтүстігінде күрд мемлекетін құруға күш салып жатыр. Осы өңірдегі қарулы топтарға қарсы бірігіп күресу

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas\_qazaq@mail.ru

**ШАРТАРАП**

**Тергеуші сотталды**



Мәскеу қаласы Шығыс әкімшілік округі Тергеу басқармасының тергеушісі Сергей Сергеев 1 млн доллар пара бопсалағаны үшін 8 жылға сотталды.

Ресей Бас прокуратурасының хабарлауынша, Сергеев Мәскеу банктерінің бірінің адвокатымен танысып, сол арқылы банктен 1 млн доллар бопсалаған. Егер ақша берілмеген жағдайда несиелеу жүйесі бойынша ауқымды тексеру жүргізілетінін айтқан.

Ол ақшаны Латвия Республикасындағы есепшотына аудартапқ болғанда ұсталды.

**Түрмедегілер босатылады**




Вьетнам үкіметі алдағы екі жыл ішінде түрмелерде отырған 20 мың адамды бюджетті үнемдеу мақсатында бостандыққа жіберу туралы шешім қабылдады, — деп хабарлады ВВС агенттігі.

Еркіндікке ауыр қылмыс жасамаған және мерзімінің жартысын өтегендер шыға алады. Әр ай сайын билік сотталғандарды бір бөліктен босатып отырады.

Вьетнамда әрбір қылмыскерді түрмеде ұстау үшін ел бюджетінен жылына 440 доллар жұмсалады. Сотталғандардың жартысын босатып, жергілікті билік жылына 9 млн доллар үнемдемек.

Бостандыққа шыққандардың көбі тәртіп сақшыларының бақылауында болады.

**ФОТОШОҚ**



**Қытайда да су басты**

**Басқосу**

**Биылғы жылы Алматы облысының бюджеті 394 миллиард теңге болып бекітілді. Бұл жуырда облыс әкімдігінің үлкен мәжіліс залында өңір басшысы Амандық Баталовтың қатысуымен өткен мәслихаттың кезектен тыс сессиясы кезінде белгілі болды. Алқалы жиында алдағы екі жылға арналған облыстық бюджеттің көлеміне өзгерістер енгізу мен төрт жылды қамтитын даму бағдарламасын жаңа редакцияда бекіту мәселелері қаралды. Сонымен бірге мәслихат жергілікті полиция қызметінің жарты жылда атқарған жұмысымен танысты.**

Облыстық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының басшысы Нәфиса Сатыбалдинаның айтуынша, биыл облыс бюджетіне 137,1 миллиард теңге көлемінде кіріс кіреді. Биылғы жылдың жағымды жаңалығы ретінде несиелік тұрғын үй салу үрдісінің жанданғанын атап өтті. Мемлекет бюджетіне салмақ салмайтын, қаржы көзін жекеменшік холдингтер мен қаржылық ұйымдардан алатын тұрғын үй кешендері көптеп бой көтермек. Ал облыстағы қала мен аудандардың инфрақұрылымдарын дамытуға республикалық бюджеттен 5,4 миллиард теңге бөлінеді.

Елбасының өңірлерге берген нұсқауларының бірі – үш ауысымды

мектептерді жою болса, ол жағы да Алматы облысында оң шешіліп келеді. Нәфиса Сатыбалдинаның айтуынша, биылғы жылы облыстағы үш ауысымда оқитын бес мектептің мәселесін шешуге 420 миллион теңге қарастырылған. Сонымен қатар мектеп мұғалімдерінің штат бірлігін кеңейту, білім ордаларының материалдық-техникалық базасын дамытуға да көңіл бөлінбекші.

Мүмкіндігі шектеулі жандарды оқыту мәселесі де күн тәртібінен түскен жоқ. Облыс әкімдігі жыл сайын бұл салаға қаржы қарастырады. Биыл 27 миллион теңге мүгедек балаларды оқыту үшін жұмсалады. Бұл тұрғыдағы жұмысты жақсарту үшін, әсіресе



қоғамның әр мүшесі құқылы ғана емес, тіпті міндетті.

Бюджет шығыстарын нақтылауда қорғаныс саласы, яғни төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою іс-шараларын жүзеге асыруға 411,4 миллион теңге қарастырылған. Бұл Іле ауданында жауын-шашыннан бұзылған екі көпірдің құрылысына, Ұзынағаш ауылындағы көп пәтерлі тұрғын үйді апаттан қалпына келтіруге, Қаратал ауданындағы Тентек өзенінің түбі арқылы өтетін су құбырының бөлігін жасауға, сондай-ақ басқа аудандардағы төтенше жағдайлар салдарын жоюға жұмсалмақ.

Медицина, мәдениет, спорт, ветеринария, тұрғын үй – коммуналдық шаруашылығы, жер қатынастар салалары мен құрылысы аяқталмаған ғимараттарды да облыстық бюджет жоспарына алынған. Оларға бөлінген қаржы көлемі мен қолға алынған қомақты жұмыстар да талдыланды. Сондай-ақ жастар тәжірибесін дамыту, аурухананы қайта жабдықтау, мектептердің материалдық базасын нығайту, ауыл-аймаққа тартылған су жүйелерін күрделі жөндеу бағыттарына бөлінетін қаржы көлемі де айтылды.

Сөз соңында Нәфиса

Сатыбалдина биылғы облыстық бюджеттің көлемін 394 миллиард теңге көлемінде бекітуді сұрады. Облыстық мәслихат депутаттары экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының ұсынысы мен өңірлік даму бағдарламасының жаңа нұсқасын бір ауыздан бекітті.

Сессияның екінші бөлігінде облыстық Ішкі істер департаменті Жергілікті полиция қызметінің басшысы, полиция полковнигі Марат Күштібаев І жартыжылдық қорытындысы бойынша есеп берді.

Елбасы «100 нақты кадам» – Ұлт жоспарының 30-қадамында жергілікті полиция қызметін құру керектігін тапсырған болатын. Осыған орай қайта жасақталған қоғамдық тәртіп пен жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін сақшылардың жұмысы жандана түсті.

Алты ай ішінде аймақта 15 мың 344 қылмыс тіркеліп, мұның 51 пайызы ашылған. Осы уақытта тіркелген аса ауыр, ауыр қылмыстар мен қарақшылық шабуыл, зорлау, бұзақылық көрсеткіштер өткен жылғыдан азайған. Алайда бөтеннің мүлкін ұрлау қылмысы 13%-ға (7099-дан 8023-ке), оның ішінде, пәтер ұрлығы 41%-ға, (1766-дан 2492-ге), мал ұрлығы 14%-ға (683-тен 782-ге) өскен.

Бұл бағытта жергілікті полиция қызметі бірқатар ауқымды шараларды жүзеге асырған. Мәселен, «Мал ұрлығына жол жоқ!» атты ереже әзірленіп, Райымбек ауданының Тұйық ауылында малды бірлесіп бағу тәжірибесі қолға алынады. Ережеге сәйкес, бір тәулікте екі бақташы жылқыларға жауапты болса, бір тұрғын

# БЮДЖЕТТЕ НАҚТЫЛЫҚ КЕРЕК

ұсақ малды өз мойнына алған. Ауыл тұрғындарының осылай жұмыла жұмыс істеуінің арқасында соңғы екі жылда бірде-бір мал жоғалмаған. Енді бұл тәжірибені облыстың әрбір өңірі қолға алып жатыр.

Жергілікті полиция қызметіне жүктелген негізі міндеттің бірі – құқықбұзушылық профилактикасын тиісті деңгейде ұйымдастыру. Марат Әлімқұлұлының мәліметінше, аталған уақыт ішінде облыс бойынша 172 мың 302 әкімшілік құқықбұзушылық анықталған. Оның 68 мың 396-сы жол қозғалысының бұзушылығы, 90 мың 397-сі «мүлдем төзбеушілік» принципі аясында орын алған.

Ресми мәліметке сүйенсек, облыстағы 11 мың 180 шақырымды құрайтын автожолдың 2 мың 915 шақырымы республикаға тиесілі. Жол-көлік оқиғасының 50 пайызға жуығы да осы жолдарда орын алатыны анықталған. Мәселен, Алматы-Өскемен тасжолында 6 айда – 9, «Алматы-Бішкек» бағытында 16, «Алматы-Көкпек-Көктал» трассасында 15 адам қаза тапқан. Ал осы аталған үш тасжолдың бойында жалпы 146 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, жарақат алғандар саны 213-ке жеткен.

Бұдан өзге де мәселелерге тоқталған Марат Күштібаев штат жетіспеушілігін алға тартты. Қалр тапшылығы шешімін таппаса, өңірде қылмыстың ашылуы баяулап қалуы мүмкін.



Нәфиса САТЫБАЛДИНА

«Республика бойынша Алматы мен Қостанай облыстарында ғана учаскелік полиция инспекторлары көмекшілерінің штаттық бірлігі енгізілмеген» деген Марат Әлімқұлұлы, аудан орталығынан шалғай ауылдарға қосымша учаскелік полиция инспекторларына 496 көмекші қажеттігін айтады. Мұнымен қоса, ол сөз соңында мемлекетаралық сауда айналымы мен шекараға жақын аудандарда халық санының өсуіне байланысты өз ұсынысын ортаға салды. Нақтылай айтқанда, қолда бар ішкі резерв есебінен, жол-патрульдік полиция ротасын қысқартып, қайтадан, екінші Жол-патрульдік полиция батальонын құру керектігін мәлімдеді. Бұдан бөлек, 209 учаскелік полиция пунктін күрделі жөндеуді қажет етеді.

Сессияны қорытындылаған облыс әкімі Амандық Баталов бюджеттік жоспарға енгізілген су жүйелеріне тоқталып, тоғандарды күрделі жөндеуден өткізу керектігін тапсырды. Алматы облысы агроөнеркәсіптік өңір болғандықтан, әсіресе дәл қазіргі кезде ауыл-ауылдың, аудан-аймақтың арасында су тасымалдайтын тоғандар істен шықпауға тиіс. Бұл тараптағы жұмыстардың жандана беруі керектігін өңір басшысы баса айтты. Сондай-ақ Амандық Ғаббасұлы жанадан құрылған жергілікті полиция қызметінің жұмысына оң баға беріп, айтылған ұсыныстардың қаралатындығын тілге тиек етті.

**Іргіс**

**Мүмкіндігі шектеулі жандарды оқыту, еңбекпен қамту, кедергісіз орта қалыптастыру мәселелері мемлекет назарынан тыс қалған жоқ. Соның нәтижесінде, бүгінде өз кәсібін ашып, жұртқа пайдасын тигізіп жатқан мүгедек жандар көп. Соның бірі – Алматы облысының тұрғыны Елдос Баялышбаев. Ол жақында Алакөл көлінің жағалауында елімізде тұңғыш рет көмекке мұқтаж жандарға арналған «Асар» пансионатын ашты. Өткен жылғы «Startup «Bolashak» жобалары байқауында екінші орынды иеленген Елдос Баялышбаев өзінің бизнес идеясын іске асыру үшін 8 миллион теңге көлемінде қаржыландыруға қол жеткізген болатын.**



Пансионат Алматы мен Шығыс Қазақстан облыстарының шекарасындағы Алакөл көлінің кең жағалауында орналасқан. Көл суының емдік қасиеті бар екені ежелден белгілі. Құрылыс орнын тандау кезінде көлдің сипаттамасы, яғни оның адамның тірек-қозғалыс жүйесінің ауруын емдеуге, жүйке жүйесін қалпына келтіруге ықпал ететіні және жалпы жазылуға қолайлы қасиеті бар екені басшылыққа алынған. Жалпы алаңы 170 шаршы метрден артық пансионат 30-дан аса адамды бір мезгілде қабылдай алады.

Бөлмелерінде тұру мен ауқаттанудан басқа, мұнда тағы бірқатар қызмет көрсетілетін көрінеді. Мысалы, инвентарсы, жүзу жаттықтырушылары, тренажерлік жаттығу, бөлмелердің ішінде және пансионаттың аумағында мүгедек арбаларына арналған кедергісіз жол.

Елдос «Мен осы мақсатымды іске асыру үшін инвестиция көзін ұзақ уақыт бойы іздедім, енді, міне, «Startup «Bolashak» жобасының арқасында менің мақсатым орындалды. Дәл мұндай пансионат ашудағы күздегіміз – мүгедек адамдардың мұқтажын қамтамасыз етуді және олар өздерін қоғамымыздың толыққанды мүшелері ретінде сезінуді қалыптастыру

болатын», – дейді.

«Жастар кәсіпкерлігін дамыту «Болашақ» қауымдастығы қызметінің басым бағыттарының бірі. Сол жастардың бизнес бастамаларын қолдаудың тиімді құралы саналатын «Startup «Bolashak» байқауы қатысқандарға өздерінің бизнес идеяларымен бөлісуге ғана емес, оларды іске асыруға да мүмкіндік береді», – деп атап өтті пансионаттың ашылуына қатысқан «Болашақ» қауымдастығының атқарушы директоры Азамат Божақов.

Атап өтетін жайт, кезінде жол апатынан ауыр жарақат алған Елдос осы күнге дейін мұқтажы ерекше адамдарға арналған «Асар» фитнес-клубының директоры қызметін атқарады. Клуб ашылғалы екі жыл ішінде 220 адамға қызмет көрсетіп, олардың 35-тен астамы аяғын басып, жүре бастады. Енді, міне, «Асар» пансионаты осы бастаманы іске асырудың келесі кезеңіне айналмақ. Пансионатта 9 бөлме қарастырылған,

оның 6-ы люкс, 3-і стандартты бөлмелер. Люкс бөлмелер бір күнге – 6500 теңге болса, стандартты бөлмелер 5000 теңгеге бағаланған.

Қауымдастығы «Startup «Bolashak» байқауын «Даму» қорымен бірге іске асырды. Жоба әлеуметтік және кәсіпкерлік бастамаларды қолдауға бағытталған. 2015 жылы өткен байқаудың бірінші маусымына

# Ерекше пансионат



бүкіл Қазақстаннан жасы 18 бен 29 арасындағы 2000-нан аса жастар қатысты. Байқаудың жеңімпаздары Әділет Елеусов, Елдос Баялышбаев және Бактыгүл Қасымова қазіргі кезде елдіміздің бизнес ортасында белсенділік танытып жүр. Бұл байқау «Хабар» телеарнасынан реалити-шоу форматында көрсетілді.

Бетті дайындаған Шынарғұл ОНАШБАЙ



**Семинар**



**Жуырда Маңғыстау экономикалық кеңесінің мүшелеріне арналған «Командалық жұмыс және тиімді жетекшілік. «Жұмсақ» менеджмент технологиясы бойынша тиімді басқару» тақырыбында семинар өтті. Екі күндік семинарға қатысқан облыс әкімі Алик Айдарбаев, облыс әкімінің орынбасарлары және басқарма басшылары командалық жұмыс жүргізу мен стратегиялық жоспарлаудың әдіс-тәсілдерін меңгерді.**

Облыс әкімі Алик Серікұлы «Маңғыстау экономикалық кеңесі — бұл біздің экономикалық және әлеуметтік мәселелерге берген жауабымыз. Бұл кеңес жеке сектормен бірлесе отырып, өзекті мәселелер мен алдағы уақытта біздің іс — қимылымызды талқылауға, сондай-ақ жаңа ауқымды жобаларды іске қосуға серпін беретін алаң болуы қажет. Қазіргі кезде экономикалық кеңестің жұмыс топтары жүзеге

асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламалардың негізінде өңір дамуының стратегиялық бағыттарын және облыстың дамуында маңызы бар жобаларды жіктеуді әзірлеуге кірісті. Кеңестің тиімділігі сіз бен біздің жұмысымызға байланысты болмақ. Сол себепті экономикалық кеңестің жұмысын ұтымды жүзеге асыру үшін бірқатар оқыту семинарларын өткізу жөнінде шешім қабылданды. Біз семинар барысында кеңес жұмысында қолданылатын тиімді үдерістер

экономикалық кеңесінің мүшелерін тақырыпқа сай 5 бағытта оқытамыз. Мәселен, басшылық және жетекшілік, қызметкерлердің тәртібін реттеу, ұйымдағы әртүрлі жағдайлар, маркетингті саралауды, ұжымдық



калыптастырудың тәжірибелік тәсілдерін, командамен жұмыс жасауды, жобаларды басқаруды және талдауды бірге үйренеміз. Бүгінгі семинар алдағы уақытта біртұтас команда ретінде жұмыс жасауымызға көмектесетініне сенімдемін», — деді.

Семинарда «Москва-Алматы-Консалтинг» ЖШС басқарушы иесі, техника ғылымдарының кандидаты Игорь Шило мен Executive MBA бағдарламасының ғылыми жетекшісі, профессор Александр Сергеев дәріс оқып, тәжірибелерімен бөлісті.

Техника ғылымдарының кандидаты Игорь Шило «Біз Маңғыстау

қызметтегі коммуникацияның рөлін оқып, үйренді. Сонымен қатар екі күн ішінде мемлекеттік қызметтегі менеджмент пен маркетингті меңгеріп, тәжірибедегі теорияларды талдауға мүмкіндік алды. Дәрісте әрбір тақырыптан кейін берілген жаттығу мен тапсырмаларды орындады. Кеңес мүшелері семинардан оқып-тоқығандарын өз жұмысында ұтымды пайдаланып, нақты нәтижелерге қол жеткізетініне сенімдемін», — деді.

Суреттерді түсірген Серік МАЙМЕРӨВ

**Бастама**

**Облыс әкімдігі, «Маерск ойл Қазақстан» мен «Ерсай Каспиан контрактор» компаниясы қолға алған жергілікті кадрлар дайындау жөніндегі әлеуметтік жоба жемісін берді. 2014-2015 оқу жылында Мұнайшы, Жетібай ауылының 70-ке жуық жас азаматы «Кәсіби оқыту орталығында» халықаралық дәрежедегі дәнекерлеуші және монтаждаушы мамандығын меңгерген-ді. Құрықтағы «Ерсай Каспиан контрактор» компаниясында жұмысшы мамандығын игерген жастарға салтанатты түрде сертификат пен диплом табысталды. Білім алуға мүмкіндігі болмай, екі қолға бір күрек таппай жүргенде әлеуметтік жобаға ілігіп, жұмысшы мамандығын алған жастар тағатсыздана күткен күн де келіп жетті. Жүздері бал-бұл жайнаған бітіруші жастарды облыс әкімінің орынбасары Шолпан Елмұханбетова құттықтады.**



## Еңбек нарығында — еңселі іс

— Құрметті, жастар! Бүгін өздеріңіз көптен күткен белгілі бір мамандық иесі екеніңізді куәландыратын құжатты табыстағалы отырмыз. Каракия ауданының 67 азаматы 2014 жылдың қыркүйегі мен 2015 жылдың мамыр айы аралығында «Ерсай» компаниясының «Кәсіби оқыту орталығында» дәнекерлеуші және монтаждаушы мамандығын алып шықты. Жастарға қажетті жағдай жасалып, жергілікті бюджеттен 31,5 млн теңге жұмсалды. Отанына, еліне адал еңбек ету, жеке тұлғалық қызметімен адамзат өркениетіне үлес қосу — әрбір азаматтың парызы. Сіздер қазір қолдарыңызға тиетін құжаттарыңызбен жұмысқа

үздік бітірушіге сертификат пен диплом табыстады. Қалған 22 азаматқа «Кәсіби оқыту орталығында» білім алғандығы жөнінде анықтама берілді.

— Мен үшін бүгін қуанышты күн. Мемлекеттің қолдауының арқасында металл құрылымды құрастырудың темір ұстасы бойынша білікті мамандардан дәріс алып, «Ерсай Каспиан контрактор» компаниясында тәжірибемді жетілдірдім. Бізді оқытып, тоқытқан ұстаздарыма алғыс айтамын. Қолыма сертификат пен дипломды алдым, енді жұмыс іздеуге кірісемін, — дейді Жәнібек Мұханбетқали.

Әлеуметтік жобаға демеушілік жасаған «Маерск ойл Қазақстан» компаниясының директоры Стиг Диллинг қай салада болмасын жұмысшы мамандықтар әрқашан да сұранысқа ие екенін жеткізді. Үшжақты келісіммен жүзеге асқан әлеуметтік жобаның алғашқы түлектерін құттықтап, ажарма тілегін ағытты.

— Облыс әкімі Алик Серікұлының бастамасымен жүзеге асқан жоба бойынша жергілікті кадрлар дайындалды.

Жастарды Құрық портының жағалауында теңіз операцияларын қолдайтын мекемелерге жұмысқа орналастыру жоспарланып

отыр. Жуырда кеме жасау және жөндеу зауытының құрылысы басталды. Зауыттың құрылыс-монтаж жұмыстары кезінде 500-600, кейін іске қосылғанда 1000-1200 жұмыс орны құрылады. Алдағы уақытта ауданымызда теңіз операцияларын қолдайтын 20-ға жуық мекеме ашылмақ, сол кезде де жұмыссыздарды жұмыспен қамтуға мүмкіндік туады. Қазіргі уақытта аймағымызда жұмысшы мамандарын даярлауды кеңінен қолға алу бағытында жұмыстанып жатырмыз. Осы бағытта Құрықта 500 орындық жатақхана құрылысы басталып кетті. Ағымдағы жылдың аяғына дейін бітіріп, пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз. Колледждегі оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру мақсатында Ресей мемлекетімен келіссөздер жүргізілуде, — деді аудан әкімі Әділбек Дауылбаев.

«Кәсіби оқыту орталығының» топ жетекшісі Достан Омарғалиевтің айтуынша, игерген мамандықтарын дәлелдейтін құжатқа ие болған 21 дәнекерлеуші мен 24 монтаждаушы әлемнің 60-қа жуық елінде жұмыс жасауға мүмкіндігі бар.



орналасып, еңбек тартуын әзірлеп, еліміздің экономикасына айшықты үлес қосады деп сенемін» деген Шолпан Лазарқызы 45

**Жетістік**

Өңірімізде мемлекеттік бағдарламалар экономиканың өзекті буыны саналатын өндіріс саласына жаңа леп әкеліп, отандық өнімнің өрісін кеңейтті. Индустрияландыру картасының игілігіне айналған «ҚазАзот» зауыты отандық және шетелдік нарыққа шығаратын сапалы өнім көлемін еселеп, өндірісін өркендетті. Өткен сейсенбіде жергілікті және республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне өңіріміздегі химия өнеркәсібінің бірегей кәсіпорны «ҚазАзот» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде баспасөз туры ұйымдастырылды.



БАК өкілдерімен баспасөз мәслихатын өткізген аталмыш серіктестіктің бас директоры Кеңес Ораков зауыттың өндірістік өрісінен хабарлар етті.

Оның айтуынша, өндірістік өрлеуді бетке алған зауытта ағымдағы жылдың

аммиакты кәдеге жарату қондырғысын монтаждау жұмыстары жүргізілуде.

Бір топ БАК өкілдері баспасөз туры аясында өндірістік алаңда модульдік құрылымды, толықтай автоматтандырылған Wartsila финдік технологиясы бойынша қуаттылығы 38,9 МВт



болатын газ поршеньді электр стансасының құрылысымен танысты.

«ҚазАзот» ЖШС бас директоры Кеңес Ораков «Жаңа өндірістік нысандардың салынуы зауытты жеке электр және жылу энергиясымен қамтамасыз етуге, өндірілетін өнім

## Кәсіпорынның құтты қадамы

бірінші тоқсанында 79 мың 200 тонна азот минералды тынайтықыш өндірілді. Бас директор «Бұл көрсеткіш 2015 жылмен салыстырғанда 63 пайызға артық. Осы жылдың аяғына дейін шетелдік нарыққа 82 мың 700 тонна аммиак селитрасын шығаруды жоспарлап отырмыз. Облысымызда ауыл шаруашылығы саласында шаруа қожалықтарының қажеттілігін толықтай өтеп келеміз. Табиғи газды «ҚазТрансГазАймақ» АҚ-нан, энергия ресурстарын «МАЭК-Казатомөнеркәсіп» ЖШС-дан сатып аламыз. Тарифте, теміржол тасымалының бағасы да жыл сайын өсіп барады.

көлемін арттыруға және минералды тынайтықыштардың сапалық көрсеткіштерін жақсартуға мүмкіндік береді. Өткен жылы құрылысы басталған электр стансасы осы жылдың аяғында пайдалануға беріледі. Қазіргі таңда еліміздің нарығының 80 пайызын жергілікті өніммен қамтып отырмыз, қалған үлес Ресей мен Өзбекстан мемлекетіне тиесілі. Қазақстанның ішкі нарығында «Казатомөнеркәсіп» ҰК АҚ, «Еуразиялық Топ», «Қазқаз» корпорациясы» ЖШС және тағы да басқа ірілі-ұсақты кәсіпорындарды өніммен қамтымыз. «ҚазАзоттың» шет



2014 жылдан бері «Шағырлы-Шөмішті» кен орнынан газ өндіріп, пайдаланып отыр. Бізде қор жетіспейді. Өзімізде газ болғандықтан, электр өндіруді қолға алуды жоспарладық. Кеңес одағында іргетасы қаланған зауыттың қондырғылары электрлік жүйемен жұмыс жасайды», — деді.

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ кәсіпорының аммиак және азот минералды тынайтықыштар өндіру қуаттылығын жылына 300 мың тоннадан 400 мыңға дейін арттыруға, өнімнің құнын 34%-ға төмендетуге, сондай-ақ шикізатты өндіру және қайта өңдеуге, өткізуге дейінгі толық өндірістік үдерісті құруға бағытталған кешенді жаңғырту жобасын қаржыландырады. «Үдемелі индустриалды-инновациялық даму» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылатын жобаның құны 56 млрд теңгені құрайды. Қажетті қаражаттың 72,3 пайызы акционерлік қоғам тарапынан қарызға берілсе, қалғаны — зауыттың қаржысы.

Келешекте кеңістігін кеңейтетін кәсіпорында қазіргі уақытта танкілі және үрлемелі газдардан алынған

мемлекеттерде бәсекелесі көп болғанымен, өніміміз Ресей, Әзірбайжан, Польша, Қырғызстан, Украина, Венгрия, Грузия және Балтық жағалау елдерінде сұранысқа ие. Азот минералды тынайтықыш түйіріңкістелген күйде өндіреміз. Алдағы уақытта сұйықтық түрінде өндіруді қолға алуды жоспарлап отырмыз», — деді.

Инновациялардың ағынына ілесетін іргелі кәсіпорын озық технологияларды кезең-кезеңімен қолданысқа енгізіп, өндірістігі өркенді жолды жалғастырады. Агроөнеркәсіп кешені мен тау-кен саласының қажетіне арналған минералды тынайтықыштар шығаратын зауыт «Шағырлы-Шөмішті», «Қосбулак» кен орындарын барлау, газ өндіру жұмыстарын жүргізуді қолға алған. Бүгінде аталмыш кен орындарында 70-тен аса ұңғыдағы газды жинайтын 4 пункт жұмыс жасап тұр. Болашақта 150-180 ұңғыға барлау, газ өндіру ісін ілгерлететін зауытта 300 жаңа жұмыс орны құрылмақ.

Бетті дайындаған Фарид МҰНАЛҚЫЗЫ Суреттерді түсірген Талант ҚҰСАЙЫН

# ЖЕЗҚОҢЫРАУ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas\_qazaq@mail.ru

БЕРЕКЕДАГ

Поляк жұбы – ұлттық киімге



Польшада үйленген жас жұбайлар тойға қазақтың ұлттық киімін киіп шықты. Агнешка Сломан мен Томаш Мазурэктің елімізді жақсы көргені соншалық, Томаш қолын жүрегіне қойып, ұсынысты Алатаудың мұзарт шыңында қалыңдығына сөз салды. Ол кезде жарасымды жұп бізге «Полония Қазақстанда: өткені – қазіргісі – болашағы» шарасы аясында келген екен.

МҰРА

## Сарыала сапты қамшы

Камшының түрлері көп. Камшыны тобылғыдан, мүйізден, сүйектен, тіпті сирақтан да жасауға болады. Жалпы жүзден аса түрі болады. Камшының халқымыздың өмірінде атқаратын бірнеше қызметі, функциясы бар. Ең бірінші, қамшы – күнделікті өмірде ат айдаушы құрал. Одан кейінгі биілік, шыбыртқы – мал айдаушы құрал. Камшының бұдан басқа қызметі – өткен замандарда, XIX ғасыр мен XX ғасырдың басына дейін бұл билік құралы болған. Билердің, хандардың қолында қамшы болған. Камшы – қару. Камшы үш, төрт таспадан басталып, 48 таспаға дейін өріледі. Камшының қазақ өміріндегі, тұрмыс-салтындағы орны үлкен. Бұл – жаугершілік заманның ең өткір қаруы. Бұл – бейбіт заманның биілігі. Өйткені қамшыға қатысты салт-дәстүр көп. Жаңа түскен келіннің бетін үкілі, қоңыраулы қамшымен ашатын кездер болған. Қазақ үшін қамшы – серт. Сәбидің бесігінің басына қамшы жастайды. Себебі қамшы – билік нышаны. Екі елдің құдалығы қамшысыз өтпейді. Араз елдің арасын да қамшы бекіткен. Сондықтан, бұрынғы заманда қазақты қамшысыз елестету мүмкін болмаған.



Камшылар болады. Сыртына жезді орап жасайды. Жез сапты қамшыны сарыала қамшы дейді. Қазақта «Сарыала қамшы тұрған үйде сайтан болмайды» – деген мақал бар. Мұны көбінде бақсылар да ұстаған, қарапайым халық та ұстаған. Себебі жез – тазалықтың белгісі ғой. Жез сапты сарыала қамшы тувалықтарда, алтайлықтарда да қасиетті саналады екен. Камшының түрі көп, өңірлік ерекшелігі де айшықты. Мәселен, ат қамшы, дыр қамшы, сондай-ақ дырау қамшы, дойыр қамшы, дүре қамшы, орама санды қамшы, мүйіз сапты қамшы – бұл әшекейіне қарата атауы. Киелі қамшы, қасиетті қамшы, шашақты қамшы, бала қамшы, құрау қамшы, шыбыртқы қамшы – бұл қамшы иесіне қарата бөлінуі. Камшының тарихына қарайтын болсақ, қазір 2500 жыл – 25 ғасыр болған Есік обасынан табылған Алтын адамның жанынан қазып алынған күміс тостаған, қару-жарағынан басқа алтын жалатылған, оратылған сәнді қамшы табылған. Бұл үлкен ханзаданың, атақты билік адамдарының, патшалардың осындай қамшысы болған. Одан бергі Ғұн заманында қамшы – қару болған. Ең алғаш қамшыны Еуропаға апарған біздің арғы ата-бабаларымыз – ғұндар. Біздің заманымыздың 4-5 ғасырларында Ғұн жауынгерлерінің қолында қамшы бейнеленген. Бұғанға дейін Еуропа қамшыны, етікті, шалбарды білмеген. Көшпенділердің Алтайдан бастап, Дунайға дейінгі жорықтарында осы заттарды арғы ата-бабаларымыз Еуропаға апарған. Көшпенді үшін жүйрік ат, дойыр қамшы – әрі қару, әру дос. Қар жастанып, мұз құсанған дала ұлдары сарыала сапты қамшыны бірде қылыш, бірде ат әбзеліне пайдаланды. Қазақ өмірінде қамшы – өнер туындысы, рухани күш-қуат. Қамшы – сыйлық, қамшы – жігіт пен қыздың салтанаты болған. Қамшы –

азаматтың айбыны, шебер қолдың айғағы саналды. Алты таспа қайыс қамшы – алса қару, қалса мұра.

Камшы өру әрбір адамның қолынан келмейді. Бір ауылда бір адам, бір рулы елде бір атағы шыққан өрімші ғана болады. Өрімшілік – үлкен өнер. Өгіздің терісі сияқты мықты қайыстардан өреді.

Қай жағынан алып қарасақ та, қамшы – қазақ өмірі мен өнерінің ажырамас бөлігі. Өмірі дегеніміз – адам атсыз, атқа мінсе, қамшысыз болмаған. Өнері дегеніміз – шеберлік те, ақындық та, сөз сайысы да қамшысыз өтпеген. Сөз сұрағанда қамшы тастау – дала заңына тән салт.

Қазақ салт-дәстүрінде қамшы ұстау мен қолданудың тәрбиелік мәні, ережесі сақталған. Қамшыны оң қолға ұстау керек. Жайшылықта сабы мен өрімін қабақтап, екі бүктеп ұстайды. Қамшы өрімін салбыратып ұстау немесе үйге сүйретіп кіру – дұшпандық пен әдепсіздік белгісі. Жолаушыға жөн сілтеп, жол көрсеткенде де саусақпен емес, қамшымен нұсқаған. Қамшыны сыйға тартқан кезде, кісінің қолына ұстатпайды. Жерге тастап береді. Оның мәні – береке-құт бірге кетпесін, ұшығы жерде қалсын, салмақты жер көтереді деген ырым. Тіпті қазақ қамшы ұрлау үлкен қылмыс саналады.

Қазақ салт-дәстүрінің көкжиегі кең. Тақырыбы – сан алуан. Тұрмыс-салтқа байланысты туған дәстүр өз алдына бір төбе. Ал ата-бабаларымыздың өмір сүру қағидасынан шыққан салт әлі күнге дейін өміршен. Салт-дәстүр – әр халықтың өзіне тән қолтаңбасы, айшықты белгісі, асыл қазынасы.

Жарас КЕМЕЛЖАН

ӘАЕМ

## Манхэттендегі - киіз үй

Манхэттенде «люкс» санатындағы киіз үй пайда болды. Онда бір күн түнеп шығу құны екі мың доллар тұрады. Бұл дегеніміз – элиталық қонақ үйдің нөмірінен әлдеқайда қымбатырақ.



Мұның басты себебі – бұл қонақ үй Орталық Азия халықтарының салт-дәстүрі бойынша салынған. Киіз үй террасада қаланың адамдар көп шоғырланған жерінде орналасқан. Алайда дизайнер Кимберли Винтроптың айтуынша, бірегей құрылымда дыбыс өткізбейтін құрылғылар орнатылған және сол себепті зулаған көліктердің даусы қонақтардың алаңсыз ұйықтауына кедергі келтірмейді.

**ӘЛЕМНІҢ ӘР ТҰЖАҒЫН**  
**ҰШАҚ БИЛЕТІМЕН**  
**ДЕМАЛУҒА МҮМКІНДІК**

**TEM TOUR** TRAVEL AGENCY

air astana TURKISH AIRLINES PEGASUS AIRLINES

Lufthansa BRITISH AIRWAYS KLM

- ТІРКЕУ ЖӘНЕ ВИЗА РӘСІМДЕУ
- БИЛЕТ ҮЙ, КЕҢСЕ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ОРНЫНА ЖЕТКІЗІЛЕДІ
- ЖОЛАУШЫЛАРДЫ АВТОБУС ЖӘНЕ VIP КӨЛІКПЕН ТАСЫМАЛДАУ

**ТҮРКИЯ!!!**  
**Алдын ала брондау!!!**  
**БҮКІЛ ЕУРОПА**  
**(шопинг, демалыс, емделу)**



**Алматы қаласы және облысы бойынша автобустар мен автомобильдерді жалға алу**

Алматы, Абылай хан даң. 71  
 Тел: 8(727) 278 02 13,  
 8(727) 279 37 75  
 Факс: 8(727) 279 37 68.  
 Ұялы тел: 8701 439 05 78  
 e-mail: info@temtour.net

**Астана, Республика, 5**  
**Факс: 8(7172) 439 559**  
**Тел: 8(7172) 439 558; 439 306**  
**Astana@temtour.net**

**Директор – Бас редактор**  
**Срайыл СМАЙЫЛ**

**Редакция алқасы:**

**Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ** Бас редактордың бірінші орынбасары

**Мендолла ШАМУРАТОВ** Бас редактордың орынбасары – Астана қаласы өкілдігінің жетекшісі

**Ғалия ҚАЛИЕВА** компьютер орталығының жетекшісі

**Бөлім редакторлары:**

**Марат МАМАНБАЙ** – қоғам және әлеумет

**Мақпал НОҒАЙБАЕВА** – өнер және руханият

**Руслан ДОСТАЕВ** – арнаулы тілші

**Камшат ТӨЛЕШОВА** – терімші

**Мехмет СЕМЕРЖИ** – фототілші

**Аймақтағы меншікті тілшілер:**

**Байқал БАЙӘДІЛОВ** – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

**Шынарғұл ОНАШБАЙ** – Алматы облысы (8 701 503 02 76)

**Асқар АҚТІЛЕУ** – Ақтөбе облысы (8 778 523 44 96)

**Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ** – Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)

**Дүйсенбек АЙБЕКОВ** – Жамбыл облысы (8 705 227 45 16)

**Айхан БАШТАШ** – Осло, Норвегия mahmutba@online.no

**Ұлтай САРИЕВА** – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

**Кезекші редактор**  
**Руслан ДОСТАЕВ**

**Шығарушы:**  
**«Аманат Медиа» ЖШС**

**Директордың орынбасары**  
**Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ**

**Бас есепші**  
**Расима ӘКІМБЕКОВА**

**Редакцияның мекенжайы:**  
 050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй (Абай даңғылының қиылысы)  
 Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68  
 Бухгалтерия: тел. факс: 8(727) 394-39-67 (жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)

Газет «Дәуір» ЖШС РПНҚ (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс – №2108; Бағасы келісім бойынша

**Айлық таралымы – 45 000 дана**

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Etihad Air ways», «Turkish Airlines», «BIM», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.